

«Астана медицина университеті» АҚ
Кафедра: Жұқпалы аурулар және эпидемиология.
Факультет: Қоғамдық денсаулық сақтау

СӨЖ

Тақырыбы: Табиғи ошақтардың қалыптасу факторы мен жағдайы.

Тексерген: Ильясов Б.Б.
Орындаған: Нариман А.Қ.

Астана 2017 ж.

Жоспар

I.Кіріспе

II.Неізгі бөлім

1. Эпидемиялық ошақ, оның түрлері

2. Табиғи ошақ

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Эпидемиялық процесс деп – инфекциялық аурулардың бірінен кейін бірі жүретін ажырамайтын тізбек, яғни ұжымдағы инфекциялық ауруардың таралуы. Эпидемиялық процесс үш звенодан тұрады – инфекция көзі, таралу механизмі және ағзаның қабылдап алушылығы.



Эпидемиялық ошақ — бұл инфекция көзі орналасқан орын және оның маңайындағы аумақ. Осы шектелген аумақта нақты жағдайда науқас адамнан сау адамға қоздырғыш берілуі мүмкін. Эпидемиялық ошақ эпидемиялық процестің бір бөлшегі болып келеді және де эпидемиялық процестің таралуын бөгейтін орта болып табылады



Эпидемиялық ошақ жанұялық, өндірістік немесе мекемелік болуы мүмкін. Инфекциялық ауру бір адамнан екінші адамға жұғып отырса, инфекция айлап, жылдап жалғасын тауып отырады, таралу жолын таппаса тоқтап қалады. Эпидемиялық процесс сандық таралуына сәйкес 4 түрлі болып келеді: Спорадиялық, кездейсоқ, бірен саран сырқаттанушылық — бір белгілі аймаққа тән, белгілі сырқаттанушылық деңгейі, бір — бірімен байланысы жоқ инфекциялық ауру. Өршу — шектелген аумақта, жеке ұжымда немесе ұжымдардағы топтарда бір мезгілде адамдардың науқастануы. Эпидемия — инфекциялық аурулардың бүкіл халық, үлкен аймақ, қала, аудан ішінде жаппай науқастануы. Пандемия — инфекциялық аурудың жаппай, елден елге таралуы.



Е.Н.Павловскийдің инфекциялық аурулардың табиғи ошақ, табиғи – ошақтық аурулар туралы ілімі.

Кейбір аурулардың қоздырғыштары бір эпидемия мен келесі эпидемия арасында адамның қатынасынсыз, әр түрлі кеміргіштердің, буынаяқтылардың организмінде сақталатыны туралы мағлұматтар бірте жинала бастаған. Бұл жағдайды алдымен Д. К.Заболотный, кейіннен Е.Н.Павловский байқады.

Табиғи ошақ болу үшін 3 шарт болу қажет:

1 Қоздырғыш паразит

2 Қабылдағыш хайуанат популяциясы

3 Қоздырғышты тасымалдаушылап (кене, бүрге, маса түрлері).



Табиғи ошақтық ауруларға мысал ретінде тайга энцефалитін алуға болады. Тайганы мекендейтін жабайы жануарлар (тиін, қоян, кірпі, құстар) - табиғи резервуарлар; жануарлардың паразиттері — иксод кенелері таратушылар болып саналады да, табиғатта адамнан тәуелсіз, өз беттерінше бірінен-біріне өтіп ұзақ жылдар бойына айналып жүреді. Олардың ареалдары қылқан жапырақты ормандармен шектелген, одан тыс кездеспейді. Паразиттің табиғи резервуарларының, таратушыларының таралған жерлерін (тайга) ошағы деп атайды.



- Лейшманиоздың табиғи ошағы - лейшманиямен зақымданған тышқандар мен олардың індерін мекендейтін бәкене шыбындар таралған шөлді және шөлейт жерлер саналады.
- Табиғи ошақтар адамдар үшін өте қауіпті. Егер кездейсоқ адамдар сол ошақтарға бара қалса (экспедиция, аң аулау, орманшылар т.б.) онда таратушылар сол паразиттерді адамдарға жұқтыруы әбден мүмкін.



Қорытынды

Инфекциялық ауруларға қарсы қолданылатын шаралардың негізгі қағидалары. Индетке қарсы шараларды топтастыру қағида эпидемиялық процестің «үштігі» туралы концепция бойынша атқарылады, концепция бойынша 3 бағытта жүргізілуі тиіс.

1. инфекция қоздырғышының көзін жою.
2. қоздырғыштың берілу механизмін тежеу
3. организмнің қоздырғышты қабылдағыштығын болдырмауға бағытталған шаралар (вакцинация, т.б).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұқпалы аурулар. А.Қ.Дүйсенова. Алматы – 2009 жыл.
2. Эпидемиология.
3. Интернет желісі.